



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Астана қ.

2024 жыл, 21 тамыз

2024 жылғы I жартыжылдықта ҚҰБ-тың төлем жүйелері арқылы 683,2 трлн теңгеге төлем жүргізілді

2024 жылғы I жартыжылдықта Ұлттық Банктің төлем жүйелері арқылы барлығы **683,2 трлн теңгеге** төлем жүргізілді.

Бір күнде ұлттық төлем жүйелері: «Банкаралық ақша аударымдары жүйесі» (БААЖ) және «Банкаралық клиринг жүйесі» (БКЖ) арқылы операциялық бір күнде орта есеппен **5,6 трлн теңгеге** төлем жүргізіледі. Операциялардың ең көбі сағат 15:00-ден 16:00-ге дейін өңделеді.

2024 жылғы I жартыжылдықта Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмысқа жарамдылық коэффициенті **99,95%** болды. Бұл белгіленген нысаналы көрсеткіштерден асып түсіп, ұлттық төлем жүйелерінің жоғары тиімділігін көрсетеді.

Анықтама үшін:

Қазақстан Ұлттық Банкі Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің (БААЖ) және Банкаралық клиринг жүйесінің (БКЖ) операторы болып табылады. ҚҰБ-тың осы төлем жүйелері ұлттық төлем жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін және Қазақстан аумағында қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды жүзеге асыруға қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етеді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz